



рекомендации по управлению развитием экологического сельского хозяйства в РК, также по правовому регулированию системы стандартизации, сертификации и контроля экологической продукции. Продвижение проектного управления в Республике Казахстан происходит через перенятие развитого опыта зарубежных стран. Внедрение проектного управления в производство экологически чистой продукции в Республике Казахстан позволит перейти на новый этап развития агропромышленного сектора экономики – этап развития экологически чистого конкурентного производства.

Ключевые слова: управление производством, проектное управление, органическое производство, экологическая продукция, сельское хозяйство, устойчивое развитие.

MANAGEMENT OF ECOLOGICAL AGRICULTURE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

R.A.Salimbayeva

Kazakh national university named after al-Farabi

e-mail: rasima_salimbaeva@mail.ru

Summary. The article assesses the current state of production and the market for environmental products in Kazakhstan and the existing measures for its management. On the basis of world and domestic experience, a set of principles, forms, methods and methods of organic agriculture has been generalized. The market of imported and domestic organic products in Kazakhstan has been studied, reasons for its production have been identified, proposals have been substantiated for enterprises to switch to an organic agricultural production method, recommendations have been developed for managing the development of ecological agriculture in the Republic of Kazakhstan, and also for the legal regulation of the standardization system products. Promotion of project management in the Republic of Kazakhstan occurs through the adoption of the developed experience of foreign countries. The introduction of project management in the production of environmentally friendly products in the Republic of Kazakhstan will allow a transition to a new stage in the development of the agro-industrial sector of the economy - a stage in the development of environmentally friendly competitive production.

Key words: production management, project management, organic production, environmental products, agriculture, sustainable development.

МРНТИ 06.54.01

УДК 316.422:338.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Д. Сайымова*¹, М.Ә. Тұрғанбаев², Р.Ә. Есберген³

¹Қазақ-Ресей халықаралық университеті, Ақтөбе, Қазақстан,

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

³Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы

e-mail: 77mika-07@mail.ru

Түйін. Жұмыста Қазақстан экономикасындағы еңбек нарығының мәні, бүгінгі жай-күйі, сондай-ақ оның одан әрі тиімді даму мәселелері қарастырылған. «Еңбек нарығы» ұғымының әр түрлі анықтамалары талданып, мазмұны нақтыланған. Еңбек нарығы - ел экономикасы дамуының басқа да өзгермелі мәселелерімен тікелей байланысты динамикалық процесс. Сондықтан да мақалада Қазақстан Республикасы еңбек нарығының ерекшеліктері бүгінгі күн талаптары тұрғысынан зерттелініп, оң, сондай-ақ кемшілігі бар тұстары да көрсетілген. Халықты жұмыспен қамтуға қатысты мемлекет тарапынан қабылданған шаралар сараланып, кемшіліктері қаралған. Өңірлер дамуындағы жұмыссыздық көрсеткіштері ескеріле отырып, еңбек нарығының бүгінгі таңдағы өзекті проблемалары бойынша, әсіресе нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтуға қатысты, ұсыныстар берілген. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімі Қазақстанның ерекшелігін анықтайтын жұмыспен қамту жүйесінің өзіндік бір айрықша үлгісін дамытатын шаралармен түйінделген.

Түйінді сөздер: еңбек нарығы, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өзін-өзі жұмыспен қамту, нәтижесіз жұмыспен қамту.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы қазіргі жағдайда экономиканың одан әрі дамуының нық негіздерін қалады. Жолдауда: «Еңбек нарығының тиімділігін қамтамасыз етіп, әрбір адамның өз әлеуетін іске асыра алу үшін жағдай жасаудың маңызы зор. Барлық негізгі мамандық бойынша заманауи стандарттар әзірлеу қажет. Бұл стандарттарда жұмыс



берушілер мен бизнесмендер еңбеккерлердің білімі, қабілеті мен құзыретінің қандай болуы қажеттігін нақты белгілейді», - деп атап өтілген болатын [1]. Демек, еңбек нарығын мемлекеттік реттеу жаңа мазмұнға ие өзекті мәселеге айналуға тиіс.

Қазақстандағы еңбек нарығы бүгінгі күні мемлекет тарапынан жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары арқылы реттелінуде.

Еңбек нарығының барлық қатысушылары – еңбеккерлер, жұмыс берушілер, кәсіподақтар, мемлекет және басқа да қатысушылар нарықтағы өз мүдделерін үйлестіріп, өз саясаттарын анықтаулары қажет.

Қазақстандағы жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары әрбір кезеңде қойылған мақсаттарға жете отырып, осы мәселені шешеді және бұл процесті үнемі жетілдіріп отырады [2]. Сондықтан әрбір мерзімдік кезеңде еңбек нарығының проблемалары үнемі айқындалып отыруы керек.

Әдіснама. Жұмыстың әдіснамалық негізін қазіргі отандық және шетел ғалымдары мен мамандарының еңбек нарығын тиімді дамыту мен халықты жұмыспен қамтудың өзекті мәселелеріне арналған нақты және тәжірибелік зерттеулері құрады. Зерттеуді сараптамалық қамтамасыз ету үшін талдау, синтез және SWOT-талдау әдістері қолданылды. Еңбек нарығының статистикалық мәліметтерін аталған әдістер негізінде жүйелеп талдау арқылы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы тиімділігін анықтап, ұсыныстар жасауға қол жеткізілді.

Нәтижелер мен талқылау. Ғылыми әдебиетте «еңбек нарығы» ұғымы әр мағынада мазмұндалған. Кейбір зерттеушілер еңбек нарығын жұмыс күші қозғалысының нарықтық экономикаға сай келетін қоғамдық-экономикалық нысаны ретінде анықтайды [3]. Басқа зерттеушілер еңбек нарығын «ұдайы өндіріс» тұрғысынан «еңбекке деген жеке қабілеттерді тауар өндірісі мен айырбасы заңдары бойынша қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде еңбеккерлерді орналастыру және жұмыс күшін ұдайы өндіру үшін қажет тіршілік қаражаттары қорына айырбастау жөніндегі күрделі қатынастар жүйесі» ретінде қарастырады [3].

Дамыған нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы жұмыспен қамту мен жұмыссыздық саласындағы мемлекеттік саясат қағидаларын, мамандар даярлау жүйесін, жалдау жүйесін, келісім-шарт жүйесін, жұмыссыздарды қолдау қорын, қайта даярлау мен біліктілігін өзгерту жүйесін, еңбек биржаларын, жұмыспен қамтуды құқықтық реттеуді қамтиды [4]. Еңбек нарығындағы қатынастар қоғамдық және мемлекеттік институттармен реттеледі.

Айтылғандарды ескеретін болсақ, еңбек нарығы, біздің ойымызша, еңбекті тиімді пайдалану мен жұмыс күшін ұдайы өндірудің қалыпты үздіксіз үдерісін қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық және заңдық қатынастардың, ережелер мен институттардың күрделі жүйесі болып табылады. Ол тұтыну сұранысының жай-күйіне байланысты экономика секторлары арасындағы жұмыс күші қозғалысы механизмінің икемділігін қамтамасыз етуі, кәсіпорындардағы өндіріс монополиясы мен еңбекақы шарттарының үстемдігіне қарсы болуы тиіс.


Бүгінгі күні еңбек нарығын мемлекеттік реттеу жұмыс бастылықтың артуы мен жұмыс орындарының өсуін ынталандыру, жұмыс күшін даярлау мен қайта даярлау, жұмыс күшін жалдауды қолдау, жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы іске асырылады.

Аталған теориялық тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы еңбек нарығының бүгінгі жай-күйін талдау мынадай мәселелерді анықтады.

2018 жылдың 1 сәуірінде жұмыспен қамту органдарының есебінде 133,8 мың адам болған. Жұмыспен қамту органдарының көмегімен 97, 2 мың адам немесе өкілетті органдарға барғандардың 63,9 проценті, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 13,0 мың жұмыссыз азаматтар, жастар тәжірибесін өтуге арнаулы орта және жоғары білімі бар 8,9 мың маман орналастырылған. Аталған кезеңде 29,7 мың адам қоғамдық жұмыспен қамтылған, 9,5 мың адам кәсіби оқу мен қайта даярлауға жіберілген.

2018 жылдың наурыз айындағы жұмыссыздар саны 439,8 мың адам болып, жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне шаққанда 4,9% құраған [5].

Қазақстан Республикасы бойынша соңғы жылдардағы жұмыссыздық деңгейі 2013 жылғы 5,2 проценттен 2014-2015 жылдарда 5 процентке және 2018 жылдың наурыз айында 4,9 процентке дейін төмендеген (1 сурет).



1 сурет – Жұмыссыздық деңгейі

Өңірлер бойынша жұмыссыздықтың ең жоғарғы көрсеткіштері 2018 жылдың 1-тоқсанында Оңтүстік Қазақстан облысы (5,2%) мен Алматы қаласында (5,2%), ең төменгі көрсеткіштері Астана қаласы (4,6%) мен Қарағанды облысында (4,7%) анықталған.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2013 жылғы 5,5 проценттен 2014 жылы 4,2 процентке, 2015 жылы 4,3 процентке және 2017 жылы орташа 3,9 процентке дейін төмендеген.

Алайда, аталған жетістіктермен бірге тұрақтылық сипат алған, еңбек нарығының дамуына елеулі әсер ететін бірқатар мәселелер де жоқ емес.

Ең алдымен, жұмыс күшінің төмен сапасын атап өткен жөн. Егер 2013 жылы жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар жұмыс күшінің үлесі 34%, 2014-2015 жылдары – 37%, 2016 жылы – 38% құраса, 2017 жылы ол көрсеткіш 39,6%-ға ғана өсті. Сонымен бірге орта кәсіптік білімі бар жұмыс күшінің үлесі соңғы жылдары орташа деңгейде қалып отыр (2013 жылы - 32%, 2014 жылы – 34%, 2015 жылы – 33%, 2016 жылы – 36%, 2017 жылы 38,4%) (1-кесте).

1 кесте

Білім деңгейі бойынша жұмыс күшінің үлесі

	2013ж.	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.
Жұмыспен қамтылған халық, барлығы	100	100	100	100	100
оның ішінде білімі бар:					
жоғары және аяқталмаған жоғары	34	37	37	38	39,6
орта кәсіптік (арнайы)	32	34	33	36	38,4
бастапқы кәсіптік, жалпы орта, негізгі, бастауыш	34	29	30	26	22

Мемлекет тарапынан қабылданған шаралар жұмыспен қамтылған халықтың сапалық құрылымын айтарлықтай өзгерткен жоқ. Соңғы онжылдықта кейбір төмендегеніне қарамастан, бастапқы кәсіптік, жалпы орта, негізгі, бастауыш білімдері бар жұмыс күшінің жоғары үлесі әлі де сақталуда.

Жалпы білім беретін мектептердің 9 және 11-ші сынып түлектерінің соңғы 3 жылдағы қозғалыс динамикасы көрсеткендей, орташа 21 мың адам біліктіліксіз жұмысқа орналасады.

Сонымен бірге еңбек ресурстары біліктілігінің еңбек нарығы талаптарына сай келмеуі себепті жыл сайын жұмыс берушілер сұраған 20 мың орын бос қалады.

Еліміздің кәсіпорындарында ұлттық эксперттер жүргізген сауалнама деректеріне сүйенсек, кадрларға сұраныстың 73% техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар мен жұмысшы мамандықтарына келеді.

Осыған байланысты жастардың бірінші жұмысшы мамандығын тегін алуларын барынша ұлғайтып, ересек халықтың қабілет-дағдыларын жұмысшы мамандықтары бойынша арттырып, оларды қайта дайындаудан өткізген дұрыс.

Еңбек нарығындағы тағы да бір өзекті мәселелердің бірі – *нәтижесіз жұмыспен қамтылу*.

Ресми мәліметтерге жүгінсек, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны 2015 жылғы 2,3 млн. адамнан (26,9%) 2016 жылы 2,2 млн. адамға (25,4%) және 2017 жылы 2,1 млн. адамға (24,2%) дейін, ал нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны соңғы 3 жылда 51%-ға азайған: 2015 жылғы 502,1 мың адамнан 2016 жылы 343,9 мың адамға және 2017 жылы 256 мың адамға дейін (2-кесте).



2 кесте

Еңбек нарығының 2015 – 2017 жж. IV тоқсанындағы негізгі көрсеткіштері

	15 жастағы және одан үлкен халық			
	IV тоқсан			III тоқсан
	2015 ж.	2016 ж. ¹⁾	2017 ж. ¹⁾	2017 ж. ¹⁾
Жұмыс күші, мың адам	8961,8	8963,6	8980,6	9013,1
15 жастағы және одан үлкен халық санындағы жұмыс күшінің үлесі, пайызбен	71,2	70,1	69,8	69,8
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8510,7	8522,3	8541,3	8572,1
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен шаққанда:				
15 жастағы және одан үлкен халыққа	67,6	66,6	66,4	66,4
Жұмыс күші санына	95,0	95,1	95,1	95,1
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	6225,1	6361,5	6477,0	6395,9
жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	73,1	74,6	75,8	74,6
Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, мың адам	2285,6	2160,9	2064,4	2176,1
жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, %	26,9	25,4	24,2	25,4
нәтижелі жұмыспен қамтылғандар	1783,5	1816,9	1808,4	1900,7
нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар	502,1	343,9	256,0	275,4
Жұмыссыз халық, мың адам	451,0	441,3	439,3	441,0
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,9	4,9	4,9
15-24 жастағы жұмыссыздар, мың адам	58,1	43,2	36,7	38,3
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жастағы) ²⁾	4,6	3,9	3,9	3,8
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	108,7	91,6	86,0	84,7
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жастағы) ³⁾	4,5	4,2	4,1	4,0
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,3	2,4	2,2	2,3
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар	3632,5	3832,3	3887,8	3905,5
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың 15 жас ж/е одан да үлкен халық санындағы үлесі, %	28,8	29,9	30,2	30,2

¹⁾ Мәліметтер жұмыспен қамтылудың жаңа стандарттарына сай құрылған (ХЕҰ 19-шы ХСХК).

²⁾ Халықаралық еңбек ұйымдастыру стандарттарына сәйкес.

³⁾ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңына сәйкес.

Ескерту: 5-ші дерек көзі негізінде құрастырылған

Алайда оң нәтижелерге қарамастан, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі әлі де болса жоғары – 24,2% немесе 2,1 млн. адамды құрайды. Сонымен бірге өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 256 мыңы нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар болып табылады, яғни олардың қызметі еш жерде тіркелмеген немесе олардың табысы ең төмен күн көріс деңгейінен де төмен.

Өңірлерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жоғары деңгейімен Оңтүстік Қазақстан (41,5%), Батыс Қазақстан (36,8%) және Жамбыл (35,8%) облыстары, ал төмен деңгейімен – Маңғыстау (6,4%) облысы, Астана қаласы (7,0%) мен Алматы қаласы (7,7%) сипатталады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесі ауыл шаруашылығы секторына келеді (40,4%) және де төмен табыс пен төмен еңбек өнімділігінен бөлек нақты әлеуметтік көмек алушылар қатарын толтыратын кедейшілікке жақындығымен сипатталады.

Сонымен қатар білім мен кәсіби дағдының жетіспеушілігі өнімдірек және табысы жоғары жұмыс орындарына орналасуға кедергі келтіреді. Ресми мәлімет бойынша негізгі, орта, жалпы және бастауыш білімі бар жұмыспен қамтылғандардың 56% нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар қатарына жатады.

Сондай-ақ, ресми мәліметтерге сүйене отырып, алдағы 5 жылда 1990 жылдардағы демографиялық құлдырауға байланысты жаңа жұмыс күші өсімінің тежеленетінін айта кеткен жөн (бұл үдеріс 2014 жылдан бастап басталған болатын). 2021-2022 жылдарға қарай жаңа еңбеккерлер өсімі 19 мың адамға қысқартыны болжамдалынып отыр.

Демек, жаңа жұмыс күші өсімінің тежелуі жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа экономикалық өсудің сақтық қоры ретінде қарау керек және де оларды толыққанды экономикалық қызметке тарту қажет.

Еңбек нарығын тиімді дамытудың маңызды мәселелерінің бірі өңірлік үйлесімділіктер мен теңгерімсіздіктер болып табылады.

Жұмыс орындарының экономика секторлары бойынша ұтымсыз орналасуы да еңбек нарығының тиімді дамуына зор ықпал етеді.



Экономиканың өсуіне негізгі үлесті қызмет көрсету секторы қосып отыр (53,3%). Соңғы 5 жыл ішіндегі жиынтық экономикалық өсімнің төрттен бірін сауда (24,8%) қамтамасыз еткен; 22,9%-ын көлік қызметі қосқан.

Тауарлар өндірісі экономика өсімінің 46,7 пайызын қамтамасыз еткен, бірақ соңғы жылдарда бұл үлес азаюда, мысалы, 2016 жылы тауарлар өндірісінің экономикалық өсімге үлесі 51 пайызды құраса, 2017 жылы ол 37 пайызға дейін азайған.

Жұмыспен қамтудың өсіміне экономика секторларының 2016-2017 жылдардағы қосқан үлесіне келсек, онда тауарлар өндірісі төмен әрі теріс нәтижелер көрсеткен (өнеркәсіп: 0,2%; ауыл, орман және балық шаруашылығы: -0,4%; құрылыс: -9,6%). Жұмыспен қамту өсімінің 79,1 процентін қызмет көрсету өндірісі қамтамасыз еткен, оның ішінде мемлекет үстемдік ететін салалар – білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару [5].

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің SWOT талдауы:

Мықты жақтары:

- халықты жұмыспен қамтуды қолдауға елеулі қаржының бөлінуі;
- халықты жұмыспен қамту шараларының заман талаптарына сай жаңартылған нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі;
- Үкімет пен жергілікті басқару органдарының қызметінде халықты жұмыспен қамту мәселелеріне басымдық берілуі;
- жұмыспен қамту мәселелерін шешуде шетел тәжірибесінің, әлеуметтік-еңбек саласындағы нақты мәліметтердің ескерілуі;
- халықаралық ұйымдармен, мамандармен, әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық.

Әлсіз жақтары:

- халықты жұмысқа орналастырудың, әсіресе жастарды, әлі де болса төмен көрсеткіштері. Бұны кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік саясатының кемшіліктерінен көреміз;
- жаңа жұмыс орындарын ашып, халықты жұмысқа тартуда жеке меншік жұмыс берушілерді ынталандыру жүйесінің жоқтығы;
- кеңес дәуіріндегідей сала, кәсіпорын ішінде жұмыссыздарды кәсіби оқытудың, жұмысшы мамандарын даярлаудың жоқтығы;
- жұмыссыздарға кәсіби білім беру жүйесімен ауыл тұрғындарының қамтылмауы;
- жұмыспен қамту мәселелеріне қатысты мемлекеттік-жеке серіктестіктің толыққанды дамымауы;
- қоғамдық жұмыстар түрлерінің шектеулілігі;
- еңбеккерлер мүдделерінің еңбек, еңбекақы, жұмыспен қамтылу мәселелеріне қатысты дауларда әлсіз қорғалуы, әсіресе жеке меншік кәсіпорындарында;
- жекелеген аймақтарда, әсіресе оңтүстік аймақтарында, еңбек нарығының жеткіліксіз дамуы;
- шикізат, өндіріс орындары, демография жағынан аймақтар бойынша теңгерімсіздіктер.

Мүмкіншіліктер:

- шағын және орта бизнестің дамуы;
- қоғамдық жұмыстар шеңберін арттырып, оларға жұмыс күшін барынша мол тарту;
- халықтың еңбектік жұмылдырылуын арттыру мақсатында өңіраралық көші-қон үдерісін белсендендіру;
- экономикада жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар нәтижелілігін арттыру;
- халықты жұмыспен қамтудың жеке агенттіктерін мемлекет жүйесіне тартып, олармен бірлесе жұмыс жасау;
- мемлекеттік қызметтің электрондық нысанын одан әрі дамыту.

Қауіптер:

- экономикалық қызметтің қол жетімді түрлеріндегі еңбекақы мөлшерінің төмен болуы;
- жасырын, бейресми, нәтижесіз жұмыс бастылықтың бақылаусыз өсуі;
- жаңадан оқу бітірген түлектер арасындағы жұмыссыздар санының артуы;
- жұмыспен қамту бағдарламаларын жүзеге асырушылар қызметтерінің бір-бірімен үйлесімсіздігі;
- көрші серіктес елдердегі экономикалық ахуалдың нашарлауы (мысалы, Ресейге салынған санкциялар).

Қорытынды. Сонымен, жұмыспен қамту қатынастары әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесінің маңызды бөлігін құрайды. Экономика дамуының әрбір кезеңіне жұмыспен қамту жүйесінің Қазақстанның ерекшелігін анықтайтын өзіндік бір айрықша үлгісі сай келеді. Басты мақсат – осы үлгіні



дұрыс анықтап, қолдана білу. Осыған байланысты, біздің ойымызша, бүгінгі күні төмендегілерді жүзеге асырған дұрыс:

- экономикадағы болып жатырған өзгерістерді үнемі саралай отырып, жұмыс күшіне деген сұраныс, қажетті мамандықтар және жұмыспен қамтудың тағы да басқа мәселелері бойынша терең зерттеу жұмыстарын ұлғайту;
- нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды ынталандыру тетіктері арқылы нәтижелі нысанға айналдыру;
- жұмыспен қамтудың шетел тәжірибесін зерттеп, Қазақстан экономикасының ерекшелігіне сай ұтымды тұстарын мәселені шешуде пайдалану;
- жұмыспен қамтудың өңірлердегі мәселелерін үздіксіз жіті қадағалап, өңіраралық үйлесімде жүзеге асырылатын мемлекеттік нәтижелі шаралар қабылдау;
- көшіп келушілерді өңірлерде орналастыруда өндірістің, бос жұмыс орындарының болуын басты назарда ұстау;
- кадрлар даярлауда оқу орындары мен жұмыс берушілер байланысын дамыту (бірлесіп оқу бағдарламаларын құру, оқытудың тәжірибелік бөлігін кәсіпорындарда өткізу және т.б.);
- мемлекеттік-жеке серіктестік жүйесін жұмыссыздық мәселесін шешуде нақты, нәтижелі дамыту.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы // <http://www.akorda.kz>
- 2 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz>
- 3 Оразова Б. Рынок труда: теория вопроса // Труд в Казахстане, 2009 г., №6.
- 4 Рынок труда. - Под общей редакцией профессора Буланова В.С. и профессора Волгина Н.А., М., 2007 г.
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі Комитетінің Интернет-ресурсы // www.stat.gov.kz.

ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ РЫНКА ТРУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.Д. Сайымова^{*1}, М.Ә. Тұрғанбаев², Р.А. Есберген³

¹Казахско-русский международный университет, Актөбе, Казахстан

²Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г.Актөбе, Казахстан

³Филиал Академии государственного управления при Президенте РК по Актюбинской области
e-mail: 77mika-07@mail.ru

Резюме. В работе рассмотрены сущность, сегодняшнее состояние рынка труда в экономике Казахстана, а также вопросы его дальнейшего эффективного развития. Проанализированы различные определения понятия "рынок труда". Рынок труда - динамичный процесс, непосредственно связанный с другими меняющимися вопросами развития экономики страны. Поэтому в статье раскрыты особенности рынка труда Республики Казахстан с точки зрения требований сегодняшнего дня, отражены как положительные, так и отрицательные его стороны. В целях обеспечения занятости населения проанализированы меры, принятые государством по обеспечению занятости населения, рассмотрены их недостатки. Рекомендованы меры по развитию своеобразной модели системы занятости, определяющей специфику Казахстана.

Ключевые слова: рынок труда, безработица, занятость, самозанятость, непродуктивная самозанятость.

LABOUR MARKET DEVELOPMENT ISSUES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

M.D. Saiymova^{*1}, M.A. Turganbaev², R.A. Esbergen³

¹Kazakh-Russian international University, Aktobe, Kazakhstan

² Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov, Aktobe, The Republic of Kazakhstan

³Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Aktobe region

e-mail: 77mika-07@mail.ru

Summary. The paper deals with the essence, the current state of the labor market in the economy of Kazakhstan, as well as issues of its further effective development. Various definitions of the concept "labor market" are analyzed. The labor market is a dynamic process directly related to other changing issues of



economic development of the country. Therefore, the article reveals the features of the labor market of the Republic of Kazakhstan in terms of the requirements of today, reflects both positive and negative sides. In order to ensure the employment of the population, the measures taken by the state to ensure the employment of the population were analyzed, their shortcomings were considered. In the final part of the research work, measures are recommended for the development of a peculiar model of the employment system that determines the specifics of Kazakhstan.

Key words: *labor market, unemployment, employment, self-employment, unproductive self-employment.*

МРНТИ 06.01.21

УДК 338.28

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Л.К. Саналиева^{*1}, Г.Т.Ахметова², Г.Б.Кенжегалиева³

¹ Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, г. Павлодар, Казахстан

^{2,3} Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан

e-mail: *laura enu@mail.ru*

Аннотация. *Статья посвящена рассмотрению проблемы формирования и развития интеллектуальной нации, являющейся опорой государства, основой дальнейшего развития и процветания страны. Авторами дано определение понятию «интеллектуальный потенциал». Проанализированы показатели внутренних затрат на научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы по отраслям наук в Республике Казахстан. Определены приоритетные направления финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок. В результате проведенного анализа авторами выявлено, что Казахстан имеет незначительный научно-технический потенциал и ориентирован в основном на заимствование научно-технических достижений. Анализ проблем позволил выявить основные факторы, тормозящие развитие интеллектуального потенциала в стране. Обозначена необходимость перехода к новому – информационно-интеллектуальному производству и капитализации результатов научных работ ученых.*

Ключевые слова: *интеллектуальный потенциал, модернизация, глобализация, конкурентоспособность страны.*

Введение. В последние несколько десятилетий предметом исследования зарубежной и отечественной экономической науки стали разные виды капиталов, связанных с человеком в процессе производства товаров и услуг.

В развитых странах мира с огромной скоростью набирает обороты формирование экономики знаний, т.е. принципиально другой экономики, чем нынешняя информационно-сетевая. В современной мировой экономике поддерживать эффективную систему образования, повышать интеллектуальный потенциал рабочей силы путем обучения, становится критически важным фактором для обеспечения конкурентоспособности страны.

Сохранение и развитие интеллектуального потенциала является основным направлением развития любой цивилизованной страны. Оно рассматривается в качестве важнейшего фактора социально-экономического развития, решения глобальных проблем, связанных с прогрессивным развитием того или иного общества. В силу этого во многих странах проблема роста интеллектуального потенциала отнесена к приоритетным областям в политике государств, в том числе и в нашей стране [1].

Казахстан в настоящее время вступил в фазу модернизации экономики. Этот этап характеризуется адаптацией сферы науки, образования к современным экономическим условиям, что должно привести к коренным изменениям в структурном, организационном, кадровом, инфраструктурном и финансовом обеспечении развития науки и образования. Развитие научно-технического потенциала не должно рассматриваться в качестве сопутствующего фактора, который не является характерным для традиционных секторов экономики. Сфера науки - это такой же сектор экономики, обладающий всеми особенностями, правилами и механизмами регулирования, общими для других секторов.

В условиях, когда более 80% экономики Казахстана находится в частном секторе, принципы регулирования сферы науки, унаследовавшие слабую ориентацию на требования рынка, устарели и